

Санкт-Петербург мемлекеттік теңіз техникалық университетінің
кафедра меңгерушісі, тау-кен инженері, т. ғ. д., профессор, шетелдік
ғылыми кеңесші Нифонтов Юрий Аркадьевичтің

Есентаева Айжан Амангелдіқызының "Мұнай жинау жүйесінің
құбыржолдарын техникалық госсипол және полиолефиндер негізінде
антикоррозиялық құрамын құрастыру" диссертациялық жұмысына
пікірі

Есентаева Айжан Амангелдіқызының "Мұнай жинау жүйесінің
құбырлары үшін техникалық госсипол және полиолефиндер негізінде
коррозияға қарсы құрамдарды әзірлеу" тақырыбындағы докторлық
диссертациясы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің
«Мұнай өңдеу және мұнайхимиясы» кафедрасында орындалған. Зерттеу
тақырыбының өзектілігі Қазақстанның мұнай газ саласындағы
проблемалардың, атап айтқанда, шұғыл континенталды климаты бар аумақта
орналасқан Қызылорда облысының кен орындарындағы мұнай жинау
жүйесінің құбырларын коррозиялық әсерден қорғау проблемасының болуына
негізделген.

А.А.Есентаеваның жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде жаңа ғылыми
нәтижелер алынды. Әр түрлі температурада тұрақтандырғыштар мен
толтырғыштары бар полиэтиленнің құрамымен оттегінің кинетикалық сіңіру
қисықтарына сүйене отырып, полиэтиленге тұрақтандырғыштарды енгізу
полимердің тотығуын тежейтіндігі көрсетілген. Бұдан шығатыны, алынған
материал термиялық тұрғыдан тұрақты және техникалық госсипол
қоспасының полимердің жылу тұрақтылығына әсерін одан әрі зерттеу үшін
перспективалы өнім болып табылады.

Сонымен қатар, құрылым параметрлерінің өзара байланысын,
толтырғыштың түрін және компатибилизатордың табиғатын ескере отырып,
полимер-толтырғыш-компатибилизатор-мақта сабағы жүйелері негізінде
әртүрлі полимерлі композиттер жасау үшін мақта сабағынан алынған
техникалық госсиполды бактерияға қарсы компонент және тұрақтандырғыш
ретінде қолданудың орындылығы анықталды. Коррозияға қарсы құрамдарда
қолданғаннан кейін толық бұзылмайтын, қоршаған ортаны ластайтын шағын
сегменттерге ыдырайтын пластикалық материал – полиэтилентерефталаттың
болуы маңызды.

Әр түрлі толтырғыштардың құрамындағы композициялар құрамындағы
вариациялар коррозияға қарсы композициялардың жылу қарсылығын
арттырады, ал сәвилен концентрациясының жоғарылауымен металдың бетіне
адгезия да артады. Ұқсас әсер өсімдік толтырғышының белгілі бір

концентрациясына дейін жоғарылағанда және техникалық көміртегі мен госсипол негізіндегі қосылыстарды қолданғанда байқалады.

Мұнай құбыры бетінің жағылған жабыны бар микроскопиялық бедері оның жаңа композициямен өңделген кезде, оның ішінде, мұнай жинау жүйесінің шығару құбырында ену тереңдігі 5-7 мм/жыл ойықшалы коррозия (дамудың әртүрлі кезеңдерінде) расталған кезде жүйенің құбырларын коррозиядан қорғауды қамтамасыз ететін сапалы біркелкі жабын пайда болатындығын көрсетті.

Жоғарыда айтылғандар А.А. Есентаеваның диссертациялық зерттеуі коррозияға қарсы қорғаныс жабындарын жасауда жаңа бағыт ашады, маңызды ғылыми перспективалары мен маңызды теориялық және практикалық қосымшалары бар деп айтуға мүмкіндік береді.

А.А.Есентаеваның диссертациясының материалдары ғылыми апробациядан өтті, М.Әуезов атындағы ОҚУ «Мұнай өңдеу және мұнайхимиясы» кафедрасының отырыстарында, әр түрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларда, оның ішінде 2021ж. 15-19 ақпан аралығында қашықтан өткен **«Кеме энергетикасы: өткеннен болашаққа»** атты Бесінші Бүкілресейлік ғылыми-техникалық форумдағы А.А. Есентаеваның баяндамасында талқыланды.

А.А.Есентаева диссертациялық жұмыстың нәтижелерін бірқатар баспа жұмыстарында жариялады, оның ішінде пайдалы модельге 2 патент тіркелді.

А.А.Есентаеваны жұмысты орындау және Санкт-Петербург мемлекеттік теңіз техникалық университетінде онлайн режимінде ғылыми тағылымдамадан өту кезіндегі ғылыми қызметкер ретінде сипаттай отырып, оның ғылыми жетекшінің ұсыныстарын қолдана білу, міндеттерді қоюдағы мақсаттылығы, жұмысқа қабілеттілігі және дербестігі, мақсатқа жету үшін негізделген жолдарды таңдай және қабылдай білу қасиеттерін атап өтемін.

А.А. Есентаеваның докторлық диссертациясы практикалық қолдану мүмкіндігі бар жоғары теориялық деңгейде орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері органикалық заттардың химиялық технологиясы саласындағы теория үшін де, практика үшін де жоғары ғылыми маңызға ие.

Осылайша, Есентаева Айжан Амангелдіқызының "Мұнай жинау жүйесінің құбыржолдарын техникалық госсипол және полиолефиндер негізінде антикоррозиялық құрамын құрастыру" тақырыбындағы ұсынған диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми деңгейде орындалған, аяқталған зерттеу, «Дәрежелерді беру қағидаларымен» белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін ғылыми-біліктілік жұмыс болып табылады, ал диссертант

6D072100 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Шетелдік ғылыми кеңесші
Санкт-Петербург мемлекеттік теңіз
техникалық университетінің
ӨАЖА кафедрасының меңгерушісі,
тау-кен инженері, т. ғ. д., профессор /қолы/ Нифонтов Юрий
Аркадьевич

Мөртаңба: "Санкт-Петербург мемлекеттік теңіз техникалық университеті" Федералдық мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесі (СПБМТТУ)

т.ғ.д., профессор Ю.А.Нифонтовтың қолы куәландырылды.

Кадрлар бөлімінің бастығы У.П.Боголюбов

21.05.2021ж.

Мөр: Ресей Федерациясының Ғылым және жоғары білім беру министрлігі

Федералдық мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесі

"Санкт-Петербург мемлекеттік теңіз техникалық университеті"

НМТН 1027810221548

Осы аударма орыс тілінен қазақ тіліне аудармашы Кемелова Сакина Сейтмуратқызы тарапынан жасалды.

Кемелова Сакина Сейтмуратқызы

Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы
Республика Казахстан, город Шымкент
Он үшінші қыркүйек екі мың жиырма бірінші жыл.
Тринадцатое сентября две тысячи двадцать первого года

Мен, ҚР ӘМ 07.02.2005 жылы берілген № 0002117 лицензиясының негізінде әрекет жасаушы Шымкент қаласының нотариусы Талманова Фатъма Таскымбековна менің көзімше қойған маған белгілі аудармашы аз. Кемелова Сакина Сейтмуратқызының қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландырамын. Қол қоюшының жеке басы анықталып, әрекет қабілеттілігі тексерілді.

Я, Талманова Фатъма Таскымбековна, нотариус города Шымкента, лицензия № 0002117 от 07.02.2005 года, выдана Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи известного мне переводчика Кемеловой Сакины Сейтмуратқызы, которая сделана в моем присутствии. Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Тізілімде № 3372 тіркелді
Зарегистрировано в реестре за №3372
Взыскано по ст.611 НК РК-тенге төленді
Нотариус _____



Немірленген, бауланған,
меремен бектіліген.
Пронумеровано, пронумеровано и
Скреплено печатью _____ листов
Нотариус _____



ES0803009100019153688C4660617

Іс-әрекеттің бірегей нөмір / Уникальный номер действия